



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№ 26 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2008 ЖЫЛҒЫ 19 ТАМЫЗ

Халықаралық резервтер
және ақша базасы туралы

1. Халықаралық резервтер және ақша базасы. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің халықаралық резервтері (Ұлттық қордың ақшасын есептемегенде) және ақша базасы 2008 жылғы 15 тамызда мынадай болды:

	Ағымдағы бағамен	Тұрақты бағамен ¹
Таза халықаралық резервтер, млн. долл.	20 512,6	20 503,0
оның ішінде:		
ЕАВ-дағы ² таза активтер	18 625,2	18 625,3
Алтын	1 887,4	1 877,7
Ақша базасы, млрд. теңге	1 730,2	1 730,2
Тар ақша базасы ³ , млрд. теңге	1 545,5	1 545,5
ЕДБ ⁴ -нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттері, млрд. теңге	184,7	184,7
KZT/USD (кезең аяғында)	120,15	120,30
Алтынның бағасы (1 троя унциясы USD-мен)	832,75	828,50

1 теңгенің АҚШ долларына бағамы және алтынның бағасы 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша көрсетілген.

2 ЕАВ-дағы таза активтер – бұл жиынтық активтер мен міндеттемелер арасындағы ЕАВ-мен айырма

3 Тар ақша базасы – ЕДБ-нің ҚРҰБ-дегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы

4 ЕДБ – екінші деңгейдегі банктер

2008 жылғы тамыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді.

Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері ағымдағы бағамен 2,4%-ға (немесе 514,9 млн. долл.) төмендеді.

Екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі шетел валютасындағы корреспонденттік шоттарындағы қалдықтарының төмендеуі және Үкіметтің сыртқы борышына қызмет көрсету бойынша операциялар ішкі валюта нарығында валюта сатып алу бойынша операциялармен және Үкіметтің Ұлттық Банктегі шоттарына валютаның түсуімен бейтараптандырылды. Нәтижесінде, таза валюта қорлары (СКВ) 262,4 млн. долл. азайды, жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтардағы бағасының 8,7% төмендеуі нәтижесінде алтындағы активтер 252,4 млн. долл. төмендеді.

Тұтастай алғанда елдің халықаралық резервтері (ағымдағы бағамен), Ұлттық қордың ақшасын қосқанда (алдын ала деректер бойынша 26 102,0 млн. долл.) айдың басынан бастап

0,8% азайып, 46 617,5 млн. долл. құрады.

2008 жылғы тамыздың бірінші жартысында Ұлттық Банктің таза ішкі активтерінің өсуі ақша базасының 3,6%-ға (немесе 60,4 млрд. теңгеге) кеңеюіне себепші болды.